

Экономика мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы мен Испания корольдігі арасындағы Келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 7 ақпандағы N 129

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Экономика мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық туралы
Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы Келісім
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы

Экономика мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық
туралы Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі
арасындағы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1994 жылғы 23 наурызда Мадрид қаласында қол қойылған
экономика мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық туралы
Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы
Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің
Төрағасы

Экономика мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық
туралы Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі
арасындағы Келісім

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі,

екі ел арасындағы достық байланыстарды еске ала отырып, экономика мен өндіріс саласындағы қатынастардың дамуына ықпал жасауға ұмтыла отырып, экономика мен өнеркәсіп саласындағы неғұрлым тығыз ынтымақтастықтың екі Уағдаласушы Тарап үшін өзара тиімді болатындығын мойындай отырып, мына төмендегілер жайында келісті:

1 - бап

Уағдаласушы Тараптар теңдік пен өзара тиімділік негізінде экономика мен өнеркәсіп саласындағы екі жақты ынтымақтастыққа ықпал жасайды.

2 - бап

Уағдаласушы Тараптар жан-жақты экономикалық байланыстарды ұлғайту мақсатында екі елдің экономика мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығына жәрдемдеседі.

Уағдаласушы Тараптар сондай-ақ қолданылып жүрген заңдар мен нормаларға сәйкес екі елдің жеке адамдары, компаниялары мен ұйымдары арасындағы ынтымақтастыққа ықпал жасайды.

Уағдаласушы Тараптардың осы Келісім бойынша өздеріне алған міндеттемелері Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдерге қайшы келмейді және олардың шеңберінен соның ішінде Еуропалық қоғамдастықтың құзыреттерінен және олардың институттары қабылдаған шешімдердің шеңберінен шықпайды.

3 - бап

Уағдаласушы Тараптар ынтымақтастықтың өзара ден қойылатын салаларын белгілеп, анықтайды. Бұл орайда ынтымақтастық мына төмендегі бағыттар бойынша дами алады:

- Тараптардың әрқайсысының өзіне қабылдаған халықаралық міндеттемелеріне нұқсан келтірмей, ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және қызмет көрсету ауқымын қоса алғанда, әр түрлі салалардағы экономика мен кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін зерттеу және ұлғайту;

- өнеркәсіп, құрылыс сияқты салаларда өзара ден қойылатын жобаларды зерттеу және анықтау, табиғи ресурстарды әзірлеу және энергетика. Екі Тарап екі ел кәсіпорындарының осы жобаларды жүзеге асыруына жәрдемдеседі;

- ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және қызмет көрсету ауқымын қоса алғанда, әр түрлі қызмет салаларындағы екі жақты қатынастарды дамыту процесінде пайда болуы мүмкін экономика мен кәсіпкерлік саласындағы проблемаларды анықтау, зерттеу және оларды шешу жолдарын іздестіру;

- Қабылдаушы Тараптың екінші Уағдаласушы Тараптың инвестициялары үшін қолайлы жағдайлар жасау және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық;

- екі Тараптың қолданылып жүрген заңдары шеңберінде

меншік құқықтарын, патенттерді және авторлық құқықтарды қорғау саласындағы консультациялар мен ынтымақтастық;

- Уағдаласушы Тараптардың экономикалық ұйымдары арасында өзара ақпарат алмасу;

- Тараптар уағдаласуы мүмкін басқа да ынтымақтастық.

4 - бап

Уағдаласушы Тараптар өзара ден қойылатын салаларда келісімдер жасасу жолымен экономика мен өнеркәсіп ауқымында өздерінің қатынастарын дамытуға жәрдемдесу ниетін білдіреді.

5 - бап

Екі ел арасындағы экономика мен өндіріс саласындағы ынтымақтастықтың ұлғаюын қамтамасыз ету мақсатында екі Уағдаласушы Тарап шағын және орташа кәсіпорындардың өздеріне тән проблемаларына айрықша назар аударады.

6 - бап

Уағдаласушы Тараптар ынтымақтастықты дамытуға ықпал жасайтын жәрмеңке, мамандандырылған көрмелер, симпозиумдар және басқа осындай шараларға ерекше маңыз береді. Осы мақсатта Уағдаласушы Тараптар аталған шаралардың

ұйымдастырылуына ықпал жасап, екі Тараптың кәсіпорындары мен мекемелерінің сол шараларға қатысуын ынталандырып отырады.

7 - бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің мазмұны жөнінде өздерінің арасындағы қандай да бір проблемаларды, даулы мәселелер мен пікір алалықтарын екі жақты келісімдер арқылы орағытып өту үшін күш-жігер жұмсайды.

8 - бап

1. Осы Келісімді нақты іске асыруды және дамытуды қамтамасыз ету үшін экономика мен өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық аралас комиссия (бұдан әрі Аралас комиссия деп аталады) құрылады, оның құрамында екі Уағдаласушы Тараптың өкілдері болады.

2. Өзара келісім бойынша екі Тараптың мекемелері мен мемлекеттік органдарының өкілдері осы Аралас комиссияның жұмысына кеңесші (консультант) ретінде қатыса алады.

3. Арнаулы мәселелерді қарау және осы мәселелер бойынша нақты келісімдерді талқылау жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында Аралас комиссия қажет болған жағдайда жұмыс топтарын құрады.

4. Келісімнің жүзеге асырылуына ықпал жасау және осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықтың даму барысын қадағалау, сондай-ақ бұл ынтымақтастықты ұлғайту және жеделдету жолдарын зерттеу және нығайту мақсатымен Аралас комиссияның мәжілістері екі мемлекеттердің аумақтарында кезекпен өткізіліп тұрады.

9 - бап

Осы Келісім тиісті ішкі конституциялық ресімдердің аяқталғаны туралы Уағдаласушы Тараптар бір-бірін жазбаша түрде хабардар еткеннен кейін 60 күн өткен соң күшіне енеді және, егер Тараптардың бірі сол Келісімді бұзғысы келетіні туралы жазбаша түрде ескертпесе, ол беймәлім уақыт бойы қолданыста болады, бұл орайда Келісімнің қолданылуы ескерту жасалған күннен кейін 6 ай өткен соң тоқтатылады.

Осы Келісім күшіне енген күні экономикалық даму мен ынтымақтастық туралы 1994 жылы 24 ақпанда қол қойылған Кеңесте Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі мен Испанияның Үкіметі арасындағы шарт Тараптар арасындағы қатынастарда өз қолданылуын тоқтатады.

10 - бап

Осы Келісімнің қолданыста болу мерзімінің тоқтатылуы басталған, бірақ оның қолданыста болған кезінде аяқталмаған жобалардың немесе келісімдердің жүзеге асырылуына нұқсан келтірмейді. Олар жасалған келісімдердің талаптарына сәйкес толық тамамдалғанға дейін орындалады.

1994 жылы 23 наурызда Мадрид қаласында қазақ, испан және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды, сонымен бірге барлық текстердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Испан Корольдігі үшін